



2022

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

«Хабар» Агенттігі» Акционерлік қоғамының
қызметі туралы





Мазмұны

2022 жылғы жылдық есеп

Басшылық үндеуі 03


Агенттік туралы 04

**Қаржылық және
операциялық
қызметтің
нәтижелері 08**

**Аудитордың
қорытындысы 14**

**Корпоративтік
басқару 15**

**2023 жылға
арналған мақсаттар
мен жоспарлар 21**



БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

КЕМЕЛБЕК БАҚТЫҒҰЛҰЛЫ ОЙШЫБАЕВ
«Хабар Агенттігі» АҚ Басқарма Төрағасы

Құрметті әріптестер мен серіктестер!

Сіздердің назарларыңызға «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының 2022 жылғы қызметі туралы жылдық есепті ұсынамыз.

2022 жылы Агенттік телеарналарының назарында мемлекеттің дамуы, оның экономикасын жаңғырту, өнеркәсіп пен инвестициялық әлеуетті дамыту, қоғамдық сананы трансформациялау және қазақстандық бірегейлікті нығайту мәселелері болды.



Агенттік жоспарлы маңызы бар, сондай-ақ өндірістік-экономикалық жағдайлардың түбегейлі өзгеруі аясында туындаған өндірістік мақсаттар мен міндеттердің барлық кешенін іске асырды.

2022 жылы Агенттік ұзақ мерзімді дамудың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізіп, жылды оң қаржылық нәтижемен аяқтады.

«ХАБАР АГЕНТТІГІ» АҚ ҮШ АРНАЛЫ ҮЛКЕН ТЕЛЕОТАУ



Қоғамдық-саяси
арна

20 сағат

ҚР АУМАҒЫН 100% ҚАМТУ

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕ ХАБАР ТАРАТУ



Тәулік бойғы
ақпараттық арна



24 сағат



Жастар-ағарту
арнасы

24 сағат

ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ



ӘЛЕМНІҢ 15 МЕМЛЕКЕТІНДЕ ТІЛШІЛЕР
ҚОСЫНЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

СЕРІКТЕСТІК ЖӘНЕ ҚАУЫМДАСТЫҚ МҮШЕЛІГІ

EBU

Азия-Тынық мұхиты хабар тарату одағының
мүшесі



Еуропалық хабар тарату одағының
қауымдастырылған мүшесі



ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

6 262 070

акциялар саны

1 000

теңге - бір акцияның номиналды құны

Агенттіктің жалғыз құрылтайшысы – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

«Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 866 қаулысына сәйкес Агенттіктің республикалық меншіктегі акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне берілді.

Агенттіктің мемлекеттік меншіктегі акцияларының мемлекеттік пакетіне билік ету құқығы мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға тиесілі.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Агенттік акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша мемлекеттің акционер ретіндегі мүдделерін білдіреді.



Агенттік туралы

Агенттіктің 2022-2031 жылдарға арналған Даму стратегиясы

Жалғыз акционердің 2022 жылғы 22 қарашадағы № 519 бұйрығымен бекітілген

Стратегияға сәйкес, Агенттіктің миссиясы – ақпараттық кеңістіктегі отандық аудитория үшін бағдар бола отырып, ең жақсы ақпараттық, танымдық және ойын-сауық контентке әртараптандырылған қол жеткізуді қамтамасыз ететін жетекші медиа компания болу.

Көрсеткіш	жоспар	факт
Телеқаралымның жиынтық үлесі, %	6,7	6,4
YouTube-тағы қаралымдардың жалпы санының өсуі, қаралымдар	550	737,5
Коммерциялық кірістердің ұлғаюы, %	7,5	8,0
Цифрлық трансформациядан түскен коммерциялық кірістердің ұлғаюы, млн. теңге	42	77



Агенттіктің миссиясы

ақпараттық кеңістіктегі отандық аудитория үшін бағдар бола отырып, ең жақсы ақпараттық, танымдық және ойын-сауық контентке әртараптандырылған қол жеткізуді қамтамасыз ететін жетекші медиа компания болу

Пайымы

дәстүрлі телевизиялық хабар тарату және медиа-контентті таратудың кросс-платформалық арналары арқылы мемлекет пен қоғамның тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін трансмедиялық контент- провайдер

Агенттік құндылықтары

тарату ортасына қарамастан Агенттіктің медиа контентін құратын және тұтынатын адамдар

Агенттік туралы


Нарыққа шолу және нарықтағы жағдай

Дереккөз: Орталық Азия жарнама қауымдастығы

Жарнаманы тарату құралдарындағы жиынтық көлемі

Медиа-арналар	2020	2021	2022	22/21,%
Теледидар	28,8	33,6	35,2	5
Интернет	21,4	28,6	34,4	20
Сыртқы жарнама	7,9	9,4	10,9	17
Радио	2,8	3,6	3,7	2
Баспасөз	1,7	1,3	1,1	-16
Барлығы	62,6	76,5	85,4	11,7

Теле және жарнама сегментінің динамикасы



2022 жылғы аудиториялық көрсеткіштер

Дереккөз: TNS Central Asia

№	Телеарна	Үлесі, %
1	Первый канал Евразия	17,4
2	КТК	14,1
3	QAZAQSTAN	10,3
4	НТК	9,6
5	МИР	8
6	АСТАНА	7,3
7	31 КАНАЛ	6,7
8	BALAPAN	5,9
9	СЕДЬМОЙ КАНАЛ	5,5
10	ХАБАР	3
11	QAZSPORT	2,7
12	ХАБАР 24	2,3
13	ALMATY TV	1,5
14	EL ARNA	1,1
15	ТНТ КАМЕДИ	1



Қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері

2022 жылға арналған даму жоспарының 4 қосымшасының негізгі көрсеткіштері

15 көрсеткішке қол жеткізілді (5 соңғы көрсеткіш, 1 тікелей және 9 сапа көрсеткіші)

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2022 (жоспар)	2022 (факт)
Мемлекеттік телеарналарды таратудың орташа тәуліктік көлемін 18-ден 24 сағатқа дейін қамтамасыз ету	%	100	100
Телеарналарды таратудың жалпы желісіндегі меншікті өндіріс өнімдерінің үлесі	%	58	68,66
«Хабар» телеарнасы SD форматында цифрлық эфирлік телевизиялық хабар тарату желісінде Қазақстан Республикасының аумағында телеарнаны хабар таратумен халықты қамтуды қамтамасыз ету	%	3,44	3,44
Қазақстан Республикасының аумағында телеарнаны SD форматында цифрлық эфирлік телевизиялық хабар тарату желісінде таратумен халықты қамтуды қамтамасыз ету, «Хабар 24» және «El arna»	%	70,19	70,19
Қазақстан Республикасының аумағында телеарнаны SD форматында цифрлық эфирлік телевизиялық хабар тарату желісінде таратумен халықты қамтуды қамтамасыз ету, «Хабар» телеарнасы	%	66,75	66,75
Теледидар өнімдерін өндіру және тарату бойынша қызметтер көлемі	сағат	26 890,49	26 890,49

Қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері

Қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері

2022 жылға арналған даму жоспарының 4 қосымшасының негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2022 (жоспар)	2022 (факт)
Youtube.com бейне сервисінде «Хабар» Агенттігі» АҚ контент қаралымының жиынтық саны	қаралымдар	583 000 000	737 517 740
«Хабар» Агенттігі» АҚ жалпы табысынан коммерциялық кірістердің (негізгі және негізгі емес қызметтен) үлесі	%	13,8	13,73
Атқарушы органдардағы әйелдердің үлесі	%	25	25
Директорлар кеңесінде әйелдердің үлесі	%	30	43
«Хабар» Агенттігі» АҚ құрылымдық бөлімшелеріндегі басшы-әйелдердің үлесі	%	30	57
«Хабар» телеарнасының өлшенетін отандық телеарналар арасындағы аудитория үлесі бойынша орны	орын	11	10
«Хабар 24» телеарнасының өлшенетін отандық телеарналар арасындағы аудитория үлесі бойынша орны	орын	15	12
«El Arna» телеарнасының өлшенетін отандық телеарналар арасындағы аудитория үлесі бойынша орны	орын	15	14
«Хабар» Агенттігі» АҚ әлеуметтік желілеріне жазылушылардың жиынтық саны	жазылушылар	1 108 400	1 206 257

2022 жылға арналған Агенттіктің KPI орындалды

жалпы табыстан түскен коммерциялық кірістердің үлесі
13,73%
құрады

SD форматында «Хабар» арнасын таратумен халықты қамту
3,44%
құрады

SD форматында «Хабар 24» және «El arna» арналарын таратумен халықты қамту
70,19%
құрады

«Хабар» арнасын HD форматта таратумен халықты қамту
66,75%
құрады

Негізгі тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді

Кадрлардың ауысуы 20% деңгейінде тұрақталды

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы бекітілді

Қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері

Қызметтің операциялық және қаржылық көрсеткіштері

Жалпы, 2022 жылғы шаруашылық қызметтен алынған нәтиже Агенттіктің тұрақты қаржылық жағдайын көрсетеді.

Агенттік қызметінің нәтижесінде алынған көрсеткіш пайда болып табылады. 2022 жылы пайда көрсеткіші 67 822 мың теңгені құрады.

2022 жылы табыс 2021 жылмен салыстырғанда

19 272 519 мың теңге 16 937 209 мың теңгеге дейін төмендеді .

Агенттіктің әкімшілік шығыстарының үлесі 2022 жылы шығыстардың жалпы сомасында 3,92% - құрады.

2022 жылы Агенттіктің активтері 11 167 500 мың теңгені құрады.

Баптың атауы

2022

Кірістер

16 937 209

Шығыстар

16 869 387

Таза пайда

67 822

Дивидендтер

47 475

Қызметтің операциялық және қаржылық көрсеткіштері**Баптың атауы****2022****2021****Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы**

Ақшалай қаражаттың түсуі, барлығы	18 529 935	20 884 392
Ақшалай қаражаттың шығуы, барлығы	-16 778 562	-15 683 652
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза сомасы	1 751 373	5 200 740

Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы

Ақшалай қаражаттың түсуі, барлығы	51 974	21 321
Ақшалай қаражаттың шығуы, барлығы	- 3 238 086	- 4 076 220
Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза сомасы	-3 186 112	- 4 054 899

Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы

Ақшалай қаражаттың түсуі, барлығы	-	-
Ақшалай қаражаттың шығуы, барлығы	- 105 806	- 98 693
Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза сомасы	- 105 806	- 98 693

Есепті кезеңнің басындағы ақшалай қаражат және олардың баламалары	2 741 160	1 766 194
--	------------------	------------------

Есепті кезеңнің соңындағы ақшалай қаражат және олардың баламалары	1 179 079	2 741 160
--	------------------	------------------

Қызметтің операциялық және қаржылық көрсеткіштері

Баптың атауы	2022	2021
Активтер		
Қысқа мерзімді активтердің жиыны	2 622 065	3 827 876
Ұзақ мерзімді активтердің жиыны	8 545 435	8 819 231
Баланс	11 167 500	12 647 107
Міндеттеме және капитал		
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны	1 106 296	2 529 900
Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны	91 619	78 541
Меншік иелеріне жатқызылатын капиталдың жиыны	9 969 585	10 038 666
Барлық капитал	9 969 585	10 038 666
Баланс	11 167 500	12 647 107



Аудитордың қорытындысы

«PROGRESSAUDITKZ» ЖШС компаниясы Агенттіктің 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бухгалтерлік баланстан тұратын жылдық қаржылық есептілігіне, кірістер мен шығыстар туралы есепке, капиталдағы өзгерістер туралы есепке және көрсетілген күні аяқталған жылдағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепке, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілік ескертпелерге аудит жүргізілді.

Аудиторлық компанияның қорытындысы бойынша жылдық қаржылық есептілік ҚР Қаржы министрінің 28.06.2017 жылғы № 404 бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі №665 бұйрығымен бекітілген, қаржылық есептілік нысандарына сәйкес, Агенттіктің 2022 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайының барлық маңызды аспектілерін, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелері мен көрсетілген күні аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысын нақты көрсетеді.

Жылдық қаржылық есептілік

2022 жылғы жылдық қаржылық есептілік «2022 жылғы жылдық қаржылық есептілікті, 2022 жылғы таза табысты бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау, «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының бір қарапайым акциясына есептегенде дивидендтер мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2023 жылғы 31 тамыздағы №354-НҚ бұйрығымен бекітілген.

Агенттіктің 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігі Агенттіктің ресми сайтында орналастырылған.

Агенттіктің жылдық қаржылық есептілігі барлық маңызды аспектілерде сенімді және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Агенттіктің қаржылық жағдайын көрсетеді.

Корпоративтік басқару құрылымы



- Агенттіктің корпоративтік басқару жүйесі Агенттіктің қызметін басқаруды, бақылауды және Жалғыз акционердің мүддесі үшін Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма, өзге де мүдделі тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынасты қамтиды.
- Агенттіктің корпоративтік басқаруы корпоративтік басқару кодексінде көрсетілген әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және құзыреттілік негізінде құрылады.

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰРАМЫ

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша мемлекеттің акционер ретіндегі мүдделерін білдіреді және Агенттіктің жалғыз акционері болып табылады.

АГЕНТТІКТІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ 2022 ЖЫЛЫ АГЕНТТІКТІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

Директорлар кеңесі Агенттіктің басқару органы болып табылады, Агенттіктің қызметіне стратегиялық басшылық пен бақылауды жүзеге асыратын жалғыз акционерге есеп береді.

Агенттіктің Директорлар Кеңесі жеті директордан тұрады. Директорлар кеңесінің мүшелерін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша жалғыз акционер сайлайды.

● Қарин Ерлан Тынымбайұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы
● Тәшенов Бақытбек Кәкімұлы	ҚР ҚМ МКК төрағасы
● Ысқақов Қанат Жұмабайұлы	ҚР МАМ Вице-министрі
● Берік Уәли	«Хабар» Агенттігі» АҚ Басқарма төрағасы
● Мұсаходжаева Айман Қожабекқызы	Тәуелсіз директор
● Загоскина Зинаида Петровна	Тәуелсіз директор
● Ичие Ишикава	Тәуелсіз директор

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАРДЫ ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Тәуелсіз директорлыққа кандидатураларды таңдау кезінде «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 1-бабының 20-тармақшасы басшылыққа алынды, оған сәйкес Тәуелсіз директор Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде айқындалады, егер ол:

- Агенттіктің сайлау кезіндегі аффилирленген тұлғасы болып табылмаса және ол Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 жыл ішінде (Агенттіктің тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда) болып табылмаса. Егер Агенттіктің аффилирленген тұлғаларына қатысты аффилирленген тұлға болмаса. Агенттіктің немесе Агенттіктің аффилирленген тұлғаларының лауазымды тұлғаларымен бағыныстылықпен байланысты болмаса және оның Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныстылықпен байланысты болмаса;
- Егер ол мемлекеттік қызметкер болмаса;
- Агенттіктің аудитору болып табылмаса және ол директорлар Кеңесіне сайланғанға дейін 3 жыл бойы аудитор болмаған болса. Агенттіктің аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде аудитке қатыспаса және оның Директорлар кеңесіне сайлануына дейінгі 3 жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаса.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Комитеттер Агенттіктің Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органдары болып табылады және олардың барлық шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша ұсынымдар болып табылады. Комитеттердің жұмысы объективті, салмақты ұсыныстарды әзірлеуге ықпал етеді және Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Комитеттердің барлық мүшелерінің жеткілікті білімі мен мол тәжірибесі, соның ішінде практикалық тәжірибесі бар.



СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ КОМИТЕТІ

барлығы

5


отырыс
өткізілді

барлығы

13

отырыс
өткізілді

Агенттіктің Директорлар
кеңесінің отырыстарына



сұрақ қойылды

- Мусаходжаева А.К. - тәуелсіз директор, Агенттіктің Директорлар кеңесінің мүшесі, комитет төрағасы
- Тәшенов Б.Х. - ҚР ҚМ ҚМИК төрағасы, Агенттіктің Директорлар кеңесінің мүшесі, комитет мүшесі
- Ишикава И. - тәуелсіз директор, Агенттіктің Директорлар кеңесінің мүшесі, комитет мүшесі

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

барлығы

8

отырыс
өткізілді

барлығы

25

отырыс
өткізілді

Агенттіктің Директорлар
кеңесінің отырыстарына



сұрақ қойылды

- Загоскина З. П. - тәуелсіз директор, Агенттіктің Директорлар кеңесінің мүшесі, комитет төрағасы
- Мусаходжаева А.К. - тәуелсіз директор, Агенттіктің Директорлар кеңесінің мүшесі, комитет мүшесі

АГЕНТТІК БАСҚАРМАСЫ

Агенттік Басқармасының қызметі Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтау, Жауапкершілік, тиімділік, адалдық, адалдық, парасаттылық қағидаттары негізінде құрылады.



Басқарма төрағасы Б. Уәли 2022 жылы Агенттіктің ағымдағы қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырды, Жоғары тұрған органдардың, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің тапсырмаларын орындауды ұйымдастырды, жұмылдыру дайындығы және Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыру бойынша жалпы басшылықты жүзеге асырды, Агенттіктің республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік тапсырманы орындау жөніндегі жұмысын ұйымдастырды. Агенттікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдауға және т. б. дербес жауапты болды.



Басқарма мүшесі Л. О. Жүнісова 2022 жылы жоспарлау-қаржы департаментінің, Әкімшілік дирекцияның, Агенттіктің Алматы филиалының, тәуекел-менеджердің, техникалық дирекцияның, өндірісті қамтамасыз ету, тарифтік саясат, сатып алу, құжаттау, корпоративтік басқару департаментінің жұмысына жетекшілік етті және үйлестірді, жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыруы мен өткізуіне бақылауды жүзеге асырды.



Басқарма мүшесі Д.С. Менилбеков 2022 жылы интернет жобалар дирекциясының, халықаралық ынтымақтастық және дистрибуция, сату және қоғаммен байланыс, стратегиялық даму және медиа жоспарлау департаменттерінің жұмысын қадағалады және үйлестірді, жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды ұйымдастыруы мен өткізуіне бақылауды жүзеге асырды.



Басқарма мүшесі Д. Ж. Жиенқұлов 2022 жылы «Хабар», «Хабар 24», «El arna» телеарналарының, дизайн және телевизиялық графика департаменттерінің, өңірлік корсетінің жұмысын қадағалады және үйлестірді, телеарналардың республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырманы орындауын қамтамасыз етті, жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің сатып алуды ұйымдастыруы мен өткізуіне бақылауды жүзеге асырды тауарлар, жұмыстар, қызметтер.



Лауазымды тұлғаларды марапаттау саясаты

- Агенттіктің басшы қызметкерлеріне сыйақы төлеу тәртібі Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Агенттіктің басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттары туралы Ережемен реттеледі.

Бұл ретте, қағидаларға сәйкес сыйақы төлеу белгіленген тәртіппен аудиттелген қаржылық есептілік негізінде Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері бекітілгеннен кейін қаржы жылының нәтижелері бойынша жүргізіледі.

Есепті кезеңдегі жұмыс нәтижелері, Агенттіктің қызметіне қосқан үлесі, ерекше жетістіктері Агенттіктің басшы қызметкерлеріне сыйақы төлеуге құқық беретін негізгі көрсеткіштер болып табылады, оның ішінде Агенттіктің Жалғыз акционер жүргізген қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері ескеріледі.

- Сонымен бірге, Агенттіктің Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес, мемлекеттік қызметшілер болып табылатын және лауазымдық міндеттеріне сәйкес өз өкілеттіктерін жүзеге асыратын директорлар Кеңесінің мүшелеріне, жол жүру және тұру ақысын төлеуге байланысты өтемақыларды қоспағанда, Агенттіктің Жарғысында және Агенттіктің өзге де ішкі құжаттарында көзделген сыйақылар мен өтемақылар төленбейді ҚР басқа қаласындағы Директорлар Кеңесінің отырыстары. Бұл ретте, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағаттар комитеті төрағасының 2012 жылғы 04 қыркүйектегі № 143 бұйрығымен бекітілген Агенттіктің Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына сыйақылар мен шығыстардың өтемақыларын төлеу қағидаларына сәйкес 2022 жылдың ішінде тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу ай сайынғы негізде жүргізілді. Сыйақы төлеу 2022 жылғы маусымнан бастап ҚР Ұлттық Банкінің төлем күніне арналған бағамы бойынша АҚШ долларымен (USD) жүргізілген тәуелсіз директор Ичие Ишакаваны қоспағанда, барлық төлемдер ұлттық валютада жүргізілді.

Тәуекелдің негізгі факторлары және тәуекелдерді басқару жүйесі

Тәуекелдерді басқару жүйесі Агенттік қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады және қойылған стратегиялық міндеттерді іске асыру процесінде маңызды мәнге ие.

Тәуекелдерді басқару жүйесін құру келесі мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған:

- туындайтын қауіпті оқиғаларға жедел ден қою;
- сыртқы және ішкі ортаның өзгеруін бақылау;
- қабылданған тәуекелдерді тиімді басқаруды қамтамасыз ету және Агенттіктің тәуекелдерді басқару жүйесінің тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

2022 жылғы 5 шілдеде Агенттік Басқармасының отырысында «Хабар» Агенттігі» АҚ-ның 2022 жылға арналған тәуекелдер тізілімі мен картасы қаралып, бекітілді. Барлық анықталған тәуекелдер бойынша олардың алдын алу және оларды барынша азайту жөніндегі іс-шаралар әзірленді.

Агенттіктің тізілімі мен тәуекел картасы жыл сайын жаңартылып отырады. Тәуекелдерді басқару мониторингі мен бақылау процесі тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Агенттіктің 2023 жылға арналған стратегиялық мақсаттары

- Теледидар аудиториясы арасындағы үлестің өсуі;
- Желілік емес аудиторияны жинақтау;
- Барлық тарату орталарында коммерциялық тиімділіктің өсуі.

МЫНАДАЙ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

Телевизия аудиториясы үлесінің өсуі *п.к.	7.6
YouTube-тағы қаралымдардың жалпы санының өсуі *млн.	580
Коммерциялық кірістерді ұлғайту (жарнамалық-ақпараттық материалдарды орналастыру, тапсырыс контентін өндіру, техникалық қызметтерді сату) *алдыңғы кезеңге % - бен	7.5
Цифрлық трансформациядан түскен коммерциялық кірістердің ұлғаюы *млн. теңге	50